Әлемге елім шашып тұр.

Тәуелсіздік – ел болу
Ынтымакпен өрге озу.
Еркін және өзге елмен,
Терезесі тең болу.

**Жүргізуші:** Желтоксанның ызғары,
Кірпікке каткан мұздары.
Елім -ай, деп егілген,
Қаһарман ұл мен кыздары.
Міне, балалар, бүгінгі таңда Қазакстан тәуелсіз мемлекет. Біздің өзіміздің туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Егеменді Қазақстан мемлекетіміз.
Сендер Отанымыздың ұрпактарысыңдар. Жақсы окып, үлгілі, тәртіпті болыңдар. Өз елің мен жеріңді көркейтіп, казакстанның намысын қорғайтын келешек ұрпақтың ақылшысы, тірегі болыңдар.

**Жүргізуші:**
-Енді, ұлттық ойындарға кезек берейік.
**Ойын:** «Орамал алу», «Асық ату».

**Жүргізуші:** Жақсыларды колдаған,
Ұлыларды сомдаған.
Біздің елдей ғажап ел,
Жер жаһанда болмаған.
**Хор:** « Тәуелсіз ел ұраны»

Туған халкымыздың тарихын, батыр ұл-кыздарымыздың ерлігін, жеріміздің байтақтығын, байлығын ақын ағаларымыз жырлап келеді. Сол жырларды жаттап, көкейге түйіп, елімізге лайыкты азамат болып өсуге міндеттіміз, басқаша болуға біздің құқығымыз жоқ, бүгінгі бақытты күніміз үшін каншама ерлер тер төкті, жанын қиды. Сол батырларымыздың армандаған ұрпағы біздің білімді, дені сау Отанымыздың лайыкты ұл-қызы болып өсуі қажет. Апа - ағаларымыздың кайталанбас ерлігіне тағзым етеміз. Осымен құрметті қонактар «Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздікке - 30 жыл!» атты ертеңгілігіміз аякталды аман-сау болыңыздар.

**Хор:** «Қазақ елі» орындайтын педагогтар.

**САМАЛ ҮСЕН,**
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
«ЭжБЖМ» факультеті,
«Логистика» мамандығының 4 курс студенті
**ОРАЗЫМБЕТОВА А. Ш,**
Ғылыми жетекшісі:

## ҚАЗҰУ – МЕНІҢ МАҚТАНЫШЫМ

Осы жылдың қаңтар айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 88 жыл толды. Осындай уақыт аралығында университет өзінің халықаралық деңгейдегі бәсекелестікке қабілеттілігін көрсете алды. Осылайша, тарихы терең, шаңырағы биік, еліміздегі жетекші оқу ордасының студенті ретінде университетімнің жетістіктерімен бөлісу үшін қолыма қалам алдым.

Адамзат баласы осы қиындығы мен қызығы қатар жүретін мынау дүниеде қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да өміріндегі ең бір ұмытылмас кездер университет қабырғасындағы керемет шақтар. Мен де осы бір керемет кезеңнің табалдырығын аттап, балалық шақпен қоштасып, жаңа бір белеске аяқ бастым. Алатаудай асқақ арманым мені Алматы шаһарына, терең тарихы бар әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне жетеледі. Университет табалдырығын аттаған күннен бастап, мені жаңа әлем, жаңа адамдар, жаңа достар күтіп тұрғанын, оған қоса мойнымда үлкен жауапкершіліктің барын бірден сезіндім. Өйткені осындай заңғар университеттің студенті атану әркімге бұйыра бермес бақ деп білемін.

Университеттің тарихы еліміздің маңызды кезеңдерімен тығыз байланысты. Яғни бұл Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуындағы баспалдақтың алғашқы әрі негізгі сатыларының бірі екендігін көрсетеді. Біздің университет Халықаралық университеттер Ассоциациясына кірген еліміздегі алғашқы жоғарғы оқу орны. ҚазҰУ Түркия, Иран, Қытай, Оңтүстік Корея, Египет секілді білімі мен мәдениеті ұштасқан ірі университеттермен тікелей байланыс орнатқан.

Жаһандық ең танымал және беделді Quacquarelli Symonds (QS) халықаралық рейтингтік агенттігі жүргізген тәуелсіз бағалау қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жоғары баға алып, «QS Stars Rating System» халықаралық рейтингісінде «Бес жұлдыз» жоғары марапатына ие болды. Айта кету керек, ҚазҰУ – «Бес жұлдыз»

марапатына ие болған Орталық Азия аймағындағы алғашқы және жалғыз жоғары оқу орны. Әлемдік жоғары білім беру тарихында бұрын-соңды болмаған қарқынды дамуды көрсете отырып, әлемнің ең үздік 200 университеттерінің қатарына енген алғашқы қазақстандық жоғары оқу орны болды. Сонымен қатар, Еуропалық ғылыми-өнеркәсіптік палатасы рейтингінде ҚазҰУ «АА+» бағасын иеленіп, жетекші еуропалық жоғары оқу орындарының қатарына енді. Барлық осы жетістіктер арқасында ҚазҰУ түркі және ислам әлеміндегі ең үздік университет ретінде танылды.

БҰҰ-ның «Академиялық әсер» бағдарламасының тұрақты дамуға арналған ғаламдық хабы ретінде ҚазҰУ Нью-Йорктегі БҰҰ-ның штаб-пәтерінде таныстырылған «Университет 4.0» моделін жасап шығарып, оны енгізді.

Сонымен қатар, ҚазҰУ «UI Green Metric Ranking of World Universities» әлемдегі ең экологиялық таза университеттердің жаһандық рейтингінің зерттеуіне сәйкес 78 елдің 700 университеттерінің арасында алғашқы 200 университет қатарына енді.

Айта берсең, біздің университеттің ұлттық, әлемдік, халықаралық жетістіктері орасан зор. Бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда, сонымен бірге еліміздің ертеңгі тұлғаларына айналар жас ұрпақтың рухани болмысын қалыптастыруда білім ордасы үлкен іс-шараларды жасап келеді. Ендеше, әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің білім алушылары мен түлектері үлкен белестерді бағындырудан талмай, қазақ елінің әлеуметтік, саяси, мәдени, экономикалық дамуына орасан зор үлесін қоса отырып, қоғамымызды көштен қалдырмай өрге сүйреп, әлемнің көшбасшы 30 елінің қатарына қосады деп сенемін. Олай болса әрқайсысымыз ел маған не берді деп емес, елге мен не беремін деп еңбек етейік.

**АРНА ЖОЛАМАНОВА,**
преподаватель казахского языка
СОШ им. Л. Клышева
ЗКО, Чнгирлауский район, Шынгырлау

## ЖАНРОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ КАЗАКХСКИХ СКАЗОК

Все жанровые особенности сказки вытекают из этих двух функций. Поэтому главная цель сказочной функции-сделать сюжет максимально зрелищным, красочным и красочным. Значит, сказка не направлена на реальность, а скорее, наоборот. А сказочник не пытается доказать, что он был истинным в жизни.

Предполагается, что в общей сложности в мире сказок". Казахские сказки являются художественным произведением, корни которого уходят в глубь. Если какой сказки та сознания населения, быт, мысли-непременно тесно переплетены. В сказке мы видим не только вымышленную жизнь, но и искренность и историю. Таким образом, изучение казахских сказок начинается сначала с публикации на бумаге до Октябрьской революции. Назовем имена ученых А. Алектрова, А. Васильева, А. Диваева и др. Эти ученые путешествовали по стране, печатали из уст в уста, публиковали в газетах и журналах, печатали сборники. А научное изучение началось после установления советской эпохи. В тот же период был взят в плен. Первая инициатива газеты и журналы были также научной статьей, печатались как мнение, точка зрения. Затем в школьных учебниках были напечатаны и предложены к рассмотрению идейно-художественные идеи. Так начинались исследования, которые потом переросли в большие темы, в исследовательские вопросы. Стали писать научные труды. Не обошли стороной и казахские ученые. - Я не знаю, - сказал он. Благодаря тщательным исследованиям казахских фольклористов история литературы, сказки М. Ауэзова были написаны такие большие произведения, как устное народное творчество А. Коныратбаева, устное народное творчество М. Габдуллина.

Научная обоснованность казахских сказок вызвала большой интерес у таких ученых. Доказательством тому стали сказки, которые во второй половине девятнадцатого века попали в письмо и стали публиковаться. Можно отметить некоторых ученых, которые помогли казахским сказкам добраться до наших дней. Это Пропп, Г. Н. Потанин, В. В. Радлов, Ш. Валиханов, А. Диваев, А. Е. Алектров, А. Васильев, Н. Пантусов, Б. Даулбаев, Т. Сейфуллин, О. Альжанов, Ж. Айманов, Б. Досымбеков и др.

В дальнейшем были ученые, которые остановились на содержательных особенностях казахских сказок и выделили их в обширных исследовательских работах. Это А. Коныратбаев и М. Габдуллин. Оба ученых глубоко изучили